

# Өзін-өзі тану пәні мұғалімінің шығармашылық іс-әрекеті

Орындаған: Алиева С.Л., п.ғ.м., 2 курс  
Қабылдаған: Аринова Б.А., п.ғ.к., доцент

# Жоспар:

- Кіріспе;
- Өзін-өзі тану пәні оқытушысының шығармашылық біліміне қойылатын талаптар;
- Өзін-өзі тану пәні оқытушысының шығармашылық іскерлігіне қойылатын талаптар;
- Өзін-өзі тану пәні оқытушысының шығармашылық іс-әрекеті;
- Қорытынды;
- Пайдаланылған әдебиеттер тізімі;

# Кіріспе

*Өзін-өзі тану пәні- әлемдегі ең басты құндылық – адамның өмір сүруі үшін, бақыт үшін, қуаныш үшін жаралғандығына негізделеді. Өмірдің осындай қарапайым ақиқатына – жақсы адам болуға, өз елінің патриоты болуға баланы жастайынан үйрету керек. Бұл тұрғыда өзін-өзі тану мұғалімнің рөлі аса зор. Өйткені ол оқыту мен тәрбиелеудің қазіргі әдістемесін жеткілікті меңгеріп, балалар психологиясын терең талдай отырып, белгілі бір жастағы балаларға бағытталған педагогикалық процесті ұйымдастыра алады.*

# Шығармашылық.....

**Американдық психологтардың анықтамасы бойынша шығармашылық дегеніміз** – бұл, тани білу, жаңа бір нәрсені анықтауға ұмтылу және өз тәжірибесін терең түйсіне білу қабілеті.

**Педагогикалық тұрғыдан алсақ, шығармашылық дегеніміз** – адамның белсенділігі мен өз бетінше жұмыс істеуінің жоғары түрі және ол әлеуметтік қажеттілігі мен өзінің ерекшелігімен бағаланады. Ең бастысы, шығармашыл тұлғада шығармашылыққа деген тұрақты қажеттілік, тұрақты сұраныс болып, өз ісіне қанағат табу сезімі болуы қажет.

**«Шығармашылық жұмыс»** — өзін-өзі тану сабағының маңызды бөлігі. Шығармашылық жұмыс сурет салу, макеттер, коллаждар мен өлең, әңгіме құрастыру және т.б. түрінде жүзеге асырылатын тәсіл.

## Шығармашылық критерийлер.

Мұғалім өз кәсібінің шекарасынан шыға алуы, сол арқылы өз тәжірибесін, еңбегін өзгерте алуы жатқызылады. Шығармашыл мұғалім үшін біреудің тәжірибесін қайталағаннан гөрі өз жаңалықтарын, білгендері мен түйгендерін басқаларға ұсына алуының, шығармашылық бағыттылықтың болуының мәні зор.

Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылу, іздену. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өмірден өз орнын табуға көмектеседі.

«Шығармашылық» ұғымының жалпы теориясын зерттеген С.Л. Рубинштейн «оқушы шығармашылығының ерекшелігі оның сапалы түрде мақсатты әрекет жасауымен анықталады» — дей келе, «шығармашылық, шешімінің нәтижесі баланың өзі үшін жаңалық болса жеткілікті» екендігін айтады, яғни баланың шығармашылық өнімді еңбегі оның жеке тәжірибесімен салыстырылады.


## Өзін-өзі тану пәні оқытушысының шығармашылық біліміне қойылатын талаптар;

- өзінің сабақ беретін пәнін мемлекеттік стандарт деңгейінен жоғары деңгейде білу;
- шығармашыл оқытушының моделін білу;
- қазіргі заманға сай оқытудың жаңа технологияларын білу;
- оқушыны оқыту, тәрбиелеу үрдісінде үлгірімге ғана көңіл бөлмей оның басқа да көрсеткіштерімен байланысына да көңіл бөлу;
- оқушылардың ерекшелігін ескере отырып, оларға шығармашылықпен жұмыс жасайтын тапсырмалар дайындай білуі.

## Өзін-өзі тану пәні оқытушысының шығармашылық іскерлігіне қойылатын талаптар;

- оқушыны анықтау әдістерімен жұмыс жасай алуы;
- оқушыларды (жекелей және топпен) оқытуға арналған бағдарлама құрастырып, сонымен тұрақты жұмыс істей білуі;
- қажетті зерттеу жұмыстарын жүргізе алуы;
- оқытудың нәтижесін нақты бағалай білуі;
- оқушының ғылыми –ізденіс жұмыстарымен айналысуына жетекшілік етуі;
- оқушыларды олимпиадалар мен сайыстарға дайындауда жетістікке жете алатындай деңгейде жұмыс жасауы.

# Өзін-өзі тану пәні оқытушысының шығармашылық іс-әрекеті;





**Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып,  
ынталандыру үшін сабақтарды мынадай жолдармен өткізуге  
болады:**

- 1.Сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану;
- 2.Сабақты түрлендіріп өткізу;
- 3.Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, схемаларды пайдалану;
- 4.Техникалық құралдарды тиімді қолдану;
- 5.Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету.

**Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың өзектілігі төменде көрсетілгендей:**

1. Өз бетімен оқуға, жұмыстануға дағдыланады.
2. Шығармашылық ізденіске жетелейді.
3. Өз ісіне деген сенім пайда болады.
4. Әр нәрсеге сын көзбен қарауға үйренеді.
5. Салыстыруға, қорытынды жасауға үйренеді.
6. Шығармашылдық белсенділік артады.

**Осылардың нәтижесінде дарынды, қабілетті жеке тұлға қалыптасады.**

Мен істеймін – өзінің пәнге деген қызығушылық тетігін табуы.

Мен үшін керек – пәннің өз өміріне деген қажеттілігін сезінуі, талаптануы, оқуы, ізденуі.

Мен істей аламын – өз біліміне деген сенімділігі.

**Сондықтан шығармашыл оқытушысының алдына қойған мәселенің өзектілігі:** жеке тұлғаны табу, оған жетекшілік ету, әр оқушының шығармашылық қабілетін танып, біліп дамыту.

# мынандай даралық қасиеттерін атап көрсетуге болады:



Қазіргі ақпараттық құралдарды меңгермеген мұғалім «ескірген» немесе «ескі көзқарастағы» педагог деп аталды. Сондықтан қазіргі жаңа формация мұғалімі құзырлықтың төрт түрі: арнайы, әлеуметтік, білім беру, ақпараттық құзырлықты игерген болуы шарт. Оның барлығы да негізгі болады. Бірақ, жетекші - ол білім беру құзырлығы, оның кәсіби шеберлігі.

### **Жаңа формация мұғалімі:**

1. Мұғалім білім берудің жаңа құндылықтарына бағытталған, жаңа мектептердің тұжырымдамаларын, тәрбие мен білім берудің балама жүйелерін біледі; білім мазмұнын құрудың жаңа әдістерін айта алады.
2. Дамыта оқытудың психологиялық-педагогикалық негіздерін біледі.
3. Оқытуды кіріктіру және саралаудың тұжырымдамалық әдістері мен принциптерін, маңыздылығын біледі.
4. Жастық және педагогикалық психология бойынша базалық білімі бар: әр түрлі жас кезеңдеріндегі оқушылардың, ұжымның психологиялық заңдылықтарын және оларды диагностикалауды; педагогикалық өзара әдістер мен тәсілдерді, өздік талдауды ұйымдастыру принциптерін игерген.
5. Құзырлық тұрғысынан ұйымдастыру қарым-қабілеті бар, яғни құрастырушылық, кәсіби, әлеуметтік, жеке тұрмыстық құзырлықтарға ие.
6. Жалпы және кәсіби білім беруді қазіргі модернизациялау арқылы қоғамның талабы мен жеке тұлғаның сұранысын қамтамасыз ете алады.

# Өзін-өзі тану пәні мұғалімі қандай болу керек:



# Өзін-өзі тану пәні оқытушысының шығармашылық іс-әрекеті;

- «сезімдер эстафетасы»;
- «слепой»;
- «сыйлық»;
- Шығармашылық ойыны «қызықты өлеңдер» ;
- «Шаг настречу»

# Қорытынды

Болашақтың бәсекесіне қабілетті ХХІ ғасыр шәкіртін тәрбиелеу білім беру саласының еш назарынан тыс қалған емес. Соған сай ұстаз - ізденімпаз ғалым, нәзік психолог, тынымсыз еңбеккер, ортаның ұйтқысы, жан-жақты шебер, терең қазыналы білімпаз, гуманист, белсенді патриот болғанда ғана қоғамның мықты да білікті, жоғарғы мәдениетті, жан-жақты дамыған, шығармашылығы жоғары жеке тұлғаны қалыптастырып, тәрбиелейтінімізге нық сенімдімін. Әр ұстаз – ХХІ ғасыр мұғаліміне сай болу үшін – ізденімпаз ғалым, нәзік психолог, жан-жақты шебер, тынымсыз еңбеккер, терең қазыналы білімпаз, кез-келген ортаның ұйытқысы болу керек.

# Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- Жаңа формациядағы педагогтың жеке элитарлы тұлғалық үлгісімен іс-әрекетінің психологиялық ерекшеліктері // «Педагогика және психология» атты ғылыми-әдістемелік журнал. №1 – Алматы, 2009.
- Советский энциклопедический словарь// М., Издательство «Советская энциклопедия», 1984. 613-б
- С.И. Ожегов, Н.Ю. Шведова. А.С. Макаренко. «Толковый словарь русского языка» // М., 2004. 288-б
- Б.А. Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.: теория және тәжірибе // Алматы. 2005, 174-бет